

## Шикі газды қайта өндеуді дамыту бағдарламасының нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 165 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 мамырда № 16956 болып тіркелді.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі 147-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Шикі газды қайта өндеуді дамыту бағдарламасының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ өнеркәсібін дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау қорына енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2018 жылғы 05 мамырдағы  
№ 165 бұйрығымен  
бекітілген  
Нысан  
"БЕКІТЕМІН"  
көмірсүткөтер саласындағы  
уәкілдегі органның бірінші  
басшысы

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты-жөні)  
күні \_\_\_\_\_  
қолы \_\_\_\_\_

## **Шикі газды қайта өндеді дамыту бағдарламасы\***

Ескеरту. Бағдарламага өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 25.06.2024 № 231 (алғашқы ресми түрде жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мазмұны.

2. Кіріспе.

3. Жалпы бөлім:

1) кен орны туралы жалпы мәліметтер: кен орны туралы қысқаша ақпарат, географиялық орналасуы, қолдағы бар инфрақұрылымы;

2) әзірлеуге негіздеме: жер қойнауын пайдаланушы бекіткен және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген оң қорытынды алғынған базалық жобалау құжатының сараптамалары немесе әзірлеменің талдауы;

3) мұнай және газ қорлары (бағаланған және барланған);

4) мұнай және газ кен орнының физикалық, химиялық қасиеттері;

5) кен орындарын игерудің қазіргі жағдайы;

6) игерудің технологиялық жобалау көрсеткіштері;

7) газ факторы (жобалық, нақты және соңғы 5 жылдағы газ факторының өзгеру динамикасы);

8) бекітілген жобалық құжаттар шеңберіндегі мұнай және газ өндіруді болжау;

9) мұнай мен газды жинау және дайындаудың қолданыстағы жүйесі;

10) шикі газды өндедегі/кәдеге жаратудағы өзгерістердің динамикасы (соңғы 5 жыл

ішінде).

4. Шикі газды жағу көлемін негіздеу:

1) ұнғыма объектілерін сынау кезінде (VIII);

2) кен орнын сынамалап пайдалану кезеңінде (VIV);

- 3) шикі газды технологиялық тұрғыдан еріксіз жағу кезінде (V5);
- 4) технологиялық жабдықты іске қосу-баптау кезінде (V6);
- 5) технологиялық жабдықты пайдалану кезінде (V7);
- 6) технологиялық жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде (V8);
- 7) технологиялық жабдықтың жұмысындағы технологиялық іркілістер, істен шығу мен ауытқулар кезінде (V9).

5. Өндөу / кәдеге жарату технологиясы және кен орнында шикі газды пайдалану / кәдеге

жарату объектілерінің тізбесі.

6. Кен орнындағы газ балансы.

7. Шикі газды қайта өндеуді әрі қарай дамыту жоспарлары;

8. Қорытынды:

А Қосымшасы - Шикі газды қайта өндеуді дамыту жөніндегі бағдарламаны орындау туралы есеп және рұқсат құжаттарының көшірмелері;

Б Қосымшасы – Технологиялық жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарының ерекшелігі, паспорты және жоспар-графиктері;

В Қосымшасы - шикі газды жағу көлемін есептеу.

Ескертпе\*:

Шикі газды қайта өндеуді дамыту бағдарламасы шикі газды қайта өндеуді дамыту мәселелері жөніндегі жұмыс тобының ұсынымдарын ескере отырып, көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның бекітуіне жатады және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 147-бабының З-тармағына сәйкес әр үш жыл сайын жаңартылып отыруға тиіс.